

**«Бөлшек кредит беру өнімдері бойынша банктік қарыз шартының  
үлгілік талаптарын бекіту туралы» 2021 жылғы 12 наурыздағы  
№01-017000/72 бұйрыққа өзгерістер енгізу туралы»  
2025 жылғы 29 қаңтардағы №01-017009/58 бұйрықтың қосымшасы**

**(Бөлшек кредиттеу өнімдері бойынша) банктік қарыз туралы шарттың үлгілік  
талаптары**

Осы (Бөлшек кредиттеу өнімдері бойынша) банктік қарыз туралы шарттың үлгілік талаптары, бұдан әрі «Талаптар» деп аталатын, «ForteBank» АҚ-ның (бұдан әрі – Банк) жеке тұлғалармен Банктік қарыз туралы шарттарды (соның ішінде кредит желісі шегінде берілетін) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 389-бабында қарастырылған тәртіпте бекіту мақсатында дайындалды.

**1. НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР**

1.1. Қарыз алушы банктік қарыз туралы шартқа/кредит желісін ашу туралы келісімге қол қоя отырып, банктік қарыз туралы шарттың/кредит желісін ашу туралы келісімнің (бұдан әрі – Шарт) ажырамас бөлігі болып табылатын Талаптарды қабылдайды және толықтай қосылады.

1.2. Шартта белгіленеді:

- 1) қарыздың (кредит лимитінің) мақсаты, жалпы сомасы, валютасы, қолжетімді кезеңі және мерзімі, сонымен қатар кредит лимитінің түрі;
- 2) сыйақы мөлшерлемесінің түрі, Шарт жасалған күнгі жағдай бойынша дұрыс жылдық тиімді салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері;
- 3) өтеу тәсілі (қолма-қол ақшамен, қолма-қол ақшасыз тәртіпте);
- 4) қарызды өтеу әдісі;
- 5) қарыз бойынша берешекті өтеу кезектілігі;
- 6) негізгі борышты уақытында өтемегені және сыйақыны төлемегені үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімақының) шекті мөлшерін көрсете отырып, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімақыны) есептеу тәртібі және мөлшері;
- 7) кредит талаптарында комиссияларды және басқа төлемдерді алу қарастырылмаған жағдайларды қоспағанда, қарыз беруге және қызмет көрсетуге байланысты алынатын комиссиялардың және басқа төлемдердің толық тізбесі және олардың мөлшері;
- 8) қарызды және сыйақыны өтеу тәртібі (касса арқылы, қашықтан басқару терминалы арқылы банктік шотқа және тараптардың келісімі бойынша басқалары), кезеңділігі;
- 9) қамтамасыз етусіз берілетін қарызды қоспағанда, қамтамасыз ету (түрі: кепіл, тұрақсыздық айыбы, кепілдік, кепілгерлік және басқа түрлері);
- 10) қарыз алушы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған кезде банк қолданатын шаралар;
- 11) Шарттың қолданылу мерзімі;
- 12) тараптардың міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапкершілігі.

1.3. Банк осы Талаптарда (Шартта) белгіленген жағдайларда Шарт жасалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей немесе кредит желісінің шегінде – Банк Қарыз алушының қарыз алу туралы өтінішін қабылдаған күннен бастап (Банк белгілеген нысан бойынша), немесе төлем карточкасы бойынша белгіленген кредит лимитінің шегінде – Банк қарыз беруден бас тарту туралы шешім қабылдаған күннен бастап қарыз береді немесе

қарыз беруден бас тартады. Қарыз сомасы Қарыз алушының банктік шотына нақты есептелген күн қарыз берілген күн болып табылады, ал төлем карточкасы бойынша кредит лимиті белгіленген жағдайда – белгіленген кредит лимитін пайдалану бойынша тиісті шығыс операциясы жүргізілген күн. Қарызды өтеу, соның ішінде сыйақыны немесе айыппұл санкцияларын, Шарт бойынша басқа төлемдерді төлеу қарыз валютасында жүргізіледі және Қазақстан Республикасының заңында тыйым салынбаған кез келген тәсілмен жүзеге асырылады. Төлем карточкасы бойынша белгіленген кредит лимиті шегінде берілген қарыздар бойынша, сомасы шегінде қарыздар берілуі мүмкін қолжетімді кредит лимиті Шарт талаптарына сәйкес қарызды өтеу күні өтелген негізгі борыш сомасына ұлғаяды.

1.4. Тұрақсыздық айыбының мөлшері, соның ішінде қарызды және/немесе сыйақыны уақытында өтемегені үшін шекті көлемі, сонымен қатар оны есептеу тәртібі Шартта белгіленеді.

1.5. Қарызды өтеу және ол бойынша сыйақыны төлеу Шартта қарастырылған тәртіпте және талаптарда жүзеге асырылады. Бұл ретте Банк пайдасына төленетін барлық төлемдерді Қарыз алушы Банк өзіне тиесілі ақша сомасын салық, алымдар, баж, комиссиялар және басқа да ұсталымдар мен төлемдерді одан шегерусіз толық көлемде алатындай етіп жүзеге асыруы тиіс. Егер қарызды өтеу және/немесе есептелген сыйақыны төлеу мерзімі демалыс күніне тұспа-тұс келсі, онда Қарыз алушының берешекті өтеу үшін ақша аударуы келесі жұмыс күні жүргізіледі. Осындай жұмыс істемейтін күні өтеу кестесінде көрсетілген негізгі берешектің сомасына негізделген осындай жұмыс істемейтін күн үшін есептелген сыйақы келесі кезекті өтеу күнінде өтеу кестесіне сәйкес төленеді.

1.6. Егер Шарт жасағаннан кейін уәкілетті мемлекеттік орган бақылау пайымдамасын қолданатын болса немесе кез келген ақпарат көзі арқылы Банкте Қарыз алушы мен Банктің арасындағы ерекше қарым-қатынас туралы негізді және расталған ақпарат пайда болса, онда Қарыз алушы Банк көрсеткен мерзімде:

- Уәкілетті мемлекеттік органның құқықтық актілерімен белгіленген талаптарға сай болу мақсатында, мөлшері мен түрін Банк талаптарда көрсеткен қамтамасыз етуді/қосымша қамтамасыз етуді ұсынуға; және (немесе

- Банк көрсеткен мөлшерге дейін Банк талаптарының бір бөлігін орындауға міндетті.

## **2. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

### **2.1. Банк мыналарға құқылы:**

2.1.1. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» заңының 34-бабының 3-тармағында қарастырылған, сонымен қатар Шартта белгіленген жағдайларда Шарттың талаптарын Қарыз алушы үшін жақсарту жағына бір жақты тәртіпте өзгертуге;

2.1.2. тиісті мәтіндік/дыбыстық хабарламаны (мыналарды қоса алғанда, бірақ бұлармен шектелмей: СМС, e-mail, қағазға жазылған хат, телефон қоңырауларын шалу) Қарыз алушының кредит алу туралы өтінімінде, Шартта көрсетілген барлық байланыс деректеріне (мыналарды қоса алғанда, бірақ бұлармен шектелмей: мобильді телефоны, e-mail, үйінің пошталық мекенжайына) жіберу арқылы және/немесе Шартта бекітілген басқа тәртіпте

жолдау арқылы Қарыз алушыға осы Талаптардың 2.2.5. тармағында қарастырылған хабарламаны жолдауға;

2.1.3. Банк қызметі, өнімдері, жарнамалық науқандары бойынша кез келген ақпарат бар хабарламаның барлық түрлерін (мыналарды қоса алғанда, бірақ бұлармен шектелмей: СМС, e-mail, қағазға жазылған хат) Қарыз алушының барлық көрсетілген байланыс деректеріне (мыналарды қоса алғанда, бірақ бұлармен шектелмей: мобильді телефоны, e-mail, үйінің пошталық мекенжайы) жолдауға;

2.1.4. Қарыз алушының жұмыс берушісіне Қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемелерін бұзғандығы туралы хабарлауға;

2.1.5. Банк келесі жағдайлардың бірінде Қарыз алушыға қарыз беруден, ал белгіленген кредит лимиті бар төлем карточкасы бойынша – мұндай төлем картасы байланған банктік шот бойынша шығыс операцияларын жүзеге асырудан бас тартуға құқылы:

1) Қарыз алушының және/немесе қамтамасыз етуді берген үшінші тұлғаның Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе жасалған шарттарда қарастырылған Банк алдындағы кез келген міндеттемені, соның ішінде, бірақ бұнымен шектелмей қарыз алуға және ол бойынша қызмет көрсетуге қатысты дұрыс ақпарат пен құжаттарды ұсыну бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда; және/немесе

1-1) берілетін қарыз бойынша құжаттар пакетін жеткізуді жүзеге асыратын заңды тұлға (курьерлік қызмет) Банкке Банктік қарыз шартының банктік даналарын және кредит құжаттамасын тиісті түрде ресімдеу үшін қажетті басқа да құжаттарды ұсынбаған жағдайда; және/немесе

1-2) Қарыз алушыға сұратылған қарыз бойынша курьерлік қызметтер арқылы құжаттарды жеткізгеннен кейін Банк жасаған Қарыз алушыны жеке сәйкестендірудің нәтижесі теріс болған жағдайда; және/немесе

2) Қарыз алушының теріс кредиттік тарихының болуы; және/немесе

3) Қарыз алушының және/немесе үшінші тұлғаның Банкпен Қамтамасыз ету шартын жасау/тіркеу дерегінің болмауы;

4) Банкке Шартты және/немесе қамтамасыз ету шартын (оған қосымша келісімдерді) жасауға және/немесе Шарттан/қамтамасыз ету шартынан шығатын өз құқығын пайдалануға кедергі келтіретін Банктің ескертулерін Қарыз алушының және/немесе үшінші тұлғаның жоймауы;

5) қылмыстық іс қозғау және/немесе кез келген уәкілетті сотта, соның ішінде аралық және/немесе төрелік соттарда сот процесінің бар болуы, нәтижесінде: (i) Қарыз алушының Банк алдындағы міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын мүліктен өндіріп алу, (ii) Шарттың және/немесе қамтамасыз ету шартының жарамдылығын даулау (толықтай немесе бөлігінде) мүмкін болса; және/немесе

6) уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актісінің талаптарына сәйкес Банк жүргізген мониторингі нәтижелері бойынша анықталған Қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлауы; және/немесе

7) (i) Банк операцияларын қаржыландыру көзі және/немесе (ii) кредиттік ресурстардың қалыптасу жағдайы және/немесе (iii) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары және/немесе (iv) валюталық немесе басқа қаржы нарықтарында жағдай өзгерген жағдайда, кредиттік тәуекелдерді және/немесе қолайсыз қаржылық салдарды азайту мақсатында Банктің қалауы бойынша; және/немесе

8) Қарыз алушының салық және бюджетке төленетін міндетті төлемдер бойынша берешегінің болуы; және/немесе

9) егер Қарыз алушының мүлкіне, сонымен қатар оның банктік шоттарында сақтаулы ақшаға тыйым салынса немесе басқа жолмен ауыртпалық артылған болса/өндіріп алу жүргізілген болса (немесе осындай салдардың болу қаупі болса); және/немесе

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайда, соның ішінде, егер Банктің қарыз беруі немесе белгіленген кредит лимитінің есебінен төлем карточкасы бойынша шығыс операцияларын орындау нәтижесінде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу қаупі болса; және/немесе

11) қарыз беру немесе белгіленген кредит лимитінің есебінен төлем карточкасы бойынша шығыс операцияларын орындау нәтижесінде Банктің қаржылық жағдайының нашарлауы немесе нашарлау қаупі болған жағдайда; және/немесе

12) Банк Талаптардың/Шарттың талаптары, Қазақстан Республикасының және шет мемлекеттердің Банк қызметіне қатысты заңнамаларының, Банктің және корреспондент банктің жария болып табылатын ішкі рәсімдерінің және шарттарының талаптары бұзылған, бұзылуы мүмкін деп тұжырымдаса, сондай-ақ әрекеті Банкке және Қарыз алушыға қолданылатын кез келген елдің, халықаралық ұйымның юрисдикциясына сәйкес санкциясы (соның ішінде, бірақ мұнымен шектелмей, операция түрімен, Қарыз алушының тіркелген және (немесе) тұратын елімен, сондай-ақ осы елдерге/осы тұлғаларға немесе осы елдерден/осы тұлғалардан жүргізілетін төлемдерге байланысты) болған жағдайда; және/немесе

13) Қарыз алушының бұрын міндеттемелерді бұзуына байланысты тараптар жүргізген Қарыз алушының Банк алдындағы міндеттемелерін өзгерту деректерінің болуы (соның ішінде, бірақ мұнымен шектелмей, қарызды/сыйақыны және басқа сомаларды өтеуді және/немесе Қарыз алушының болашақта орындауы тиіс өзге міндеттемелерін орындауын кейінге қалдыру, Шарт бойынша берешекті мерзімінен бұрын өтеуге қатысы жоқ төлемдерді төмендету және/немесе Шарт бойынша қарыз мерзімін ұзарту); және/немесе

14) мемлекеттік органның/лауазымды тұлғаның Банктің қаржыландыру беруіне тыйым салатын немесе шектейтін актісінің болуы; және/немесе

15) Қарыз алушының Банк алдында кез келген мерзімі өткен берешегінің болуы; және/немесе

16) Банк жауап бермейтін жағдайлар бойынша қамтамасыз ету жоғалған немесе оның жағдайы нашарлаған жағдайда; және/немесе

16-1) егер Қарыз алушы жүргізген операцияларды зерделеу барысында олардың қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жоятын қаруды таратуды қаржыландыру мақсатында жүргізіліп жатқандығы туралы күмән туындаса;

16-2) Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес уәкілетті мемлекеттік орган жасаған тізбелерде (бұдан әрі - Тізбелер) Қарыз алушы туралы мәліметтердің болуы;

16-3) егер операцияның/мәміленің немесе мәміле бойынша міндеттеменің бір тарапы/қатысушысы Тізбеге енгізілген тұлға/ халықаралық ұйым немесе шет мемлекет ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландырудың едәуір тәуекелдері бар деп анықтаған елде тіркелген/тұратын тұлға болса немесе егер осы операцияны/мәмілені орындауға мұндай тұлға қатысса;

16-4) Қарыз алушының оны тиісті түрде тексеру үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты беруден, сондай-ақ қарыз алушының деректерін/дербес деректерін жинауға, өңдеуге және FATCA талаптарына сәйкес, оның ішінде Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары арқылы АҚШ Салық қызметіне (Internal Revenue Service) беруге келісім беруден бас тартуы;

17) қамтамасыз етуді ұсынған үшінші тұлғаның қаржылық жағдайының нашарлауы.

Банк Қарыз алушыға қарыз беруден бас тартатындығы туралы хабарлауға міндетті: Шарт жасалған күннен бастап немесе берілген кредит желісі шегінде Банк Қарыз алушының

қарыз беру туралы өтінішін (Банк белгілеген нысанда) қабылдаған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде, төлем карточкасы бойынша белгіленген кредит лимиті есебінен шығыс операцияларды жүргізуден бас тарту туралы - Банк осындай шешім қабылдаған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде хабарлауға міндетті. Бұл ретте, хабарлама мынаны білдіреді:

- а) Банктің Қарыз алушының Шартта/Қарыз алушының Банкке тапсырған басқа құжатта (хабарламада) көрсетілген мобильді телефонына СМС жолдауы; және/немесе
- б) Қарыз алушы төлем карточкасын пайдалана отырып шығыс операцияны бастаған жабдық (құрылғы) шығарған (көрсететін) тиісті мәтіндік хабарламада көрсетілген шығыс операцияларын жүзеге асырудан бас тарту (егер бас тарту себебі көзделмесе - Қарыз алушы оны анықтау үшін Банкке өзі жүгінуге міндетті);

2.1.6. Банкке Қарыз алушының және/немесе қамтамасыз етуді ұсынған үшінші тұлғаның бірнеше кепіл затымен қамтамасыз етілген қарыз бойынша кепілдікті қамтамасыз етуді азайту туралы өтініші келіп түскен жағдайда:

1) өз қалауы бойынша барлық кепіл затының немесе кейбірінің нарықтық құнын анықтау үшін тәуелсіз бағалаушыны тартуға. Қарыз алушының немесе қамтамасыз етуді ұсынған үшінші тұлғаның қамтамасыз етуге жасалған тәуелсіз бағалау туралы есебі мен Банк тартқан тәуелсіз бағалаушының қамтамасыз етуге жасаған тәуелсіз бағалау туралы есебінің арасында айырмашылықтар болса, Банк Қарыз алушының және/немесе үшінші тұлғаның жоғарыда аталған өтініші бойынша мәселені шешуі кезінде негізге алынатын кепіл заттарын бағалау туралы есепті өзі таңдауға құқылы. Банктің тәуелсіз бағалаушының есебін осылай өзі таңдауы бойынша бағалау Банктің кепілдік саясатының талаптарын есепке ала отырып, Шарт бойынша Қарыз алушының берешектерінің (орындалмаған міндеттемелерінің) көлемі асқан бөлігінде қамтамасыз етудің жеткілікті екенін анықтау үшін дұрыс және қолайлы болып есептеледі.

2) Банктің кепіл құқығының ауыртпалығынан босатылуы тиіс мүлікті өз қалауы бойынша өзі анықтауға, егер тәуелсіз бағалаушы анықтаған және Банк келіскен кепілге салынған заттардың нарықтық құны Қарыз алушының және/немесе қамтамасыз етуді ұсынған үшінші тұлғаның жүгінуі кезінде Банктің кепілдік саясатының ескере отырып, Қарыз алушының Шарт бойынша берешектерінің (орындалмаған міндеттемелері) және қамтамасыз етуді азайтқаннан кейін қалған оның сомасынан асатын болса және және Қарыз алушының Шарт бойынша орындалмаған міндеттемелері Банктің кепілдік саясатының талаптарына сәйкес қамтамасыз етуді азайту кезінде толық қамтамасыз етілген деп танылуы үшін жеткілікті болса;

2.1.7. Қарыз алушыдан Банктің Қазақстан Республикасының Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын сақтау үшін, сондай-ақ Қарыз алушының дербес деректерін жинау, өңдеу және FATCA (Foreign Account Tax Compliance Act)) талаптарына сәйкес, оның ішінде Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары арқылы беру үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды талап етуге;

2.1.8. Қарыз алушы осы Талаптар/Шарт бойынша өз міндеттемелерінің кез келгенін бұзған жағдайда немесе егер Банк Талаптардың/Шарттың талаптары, Қазақстан Республикасының және шет мемлекеттердің Банк қызметіне қатысты заңнамаларының, Банктің және корреспондент банктің жария болып табылатын ішкі рәсімдерінің және шарттарының талаптары бұзылған, бұзылуы мүмкін деп тұжырымдаса, сондай-ақ әрекеті Банкке және Қарыз алушыға қолданылатын кез келген елдің, халықаралық ұйымның юрисдикциясына

сәйкес санкциясы (соның ішінде, бірақ мұнымен шектелмей, операция түрімен, Қарыз алушының тіркелген және (немесе) тұратын елімен, сондай-ақ осы елдерге/осы тұлғаларға немесе осы елдерден/осы тұлғалардан жүргізілетін төлемдерге байланысты) болған жағдайда, бір жақты соттан тыс тәртіпте Шартты орындаудан бас тартуға құқылы, бұл ретте бұл туралы Қарыз алушыға Шартты орындаудан бас тартудың болжалды күнінен 2 (екі) жұмыс күні бұрын жазбаша хабарлауы тис.

2.1.9. алынған/есептен шығарылған ақша Қарыз алушының берешегінің мөлшерінен асқан жағдайда, қалған ақшаны Банктің таңдауы бойынша Қарыз алушының, соның ішінде кәсіпкерлік мақсатта ашқан шот(-тар)ына және/немесе олардан ақша түскен/есептен шығарылған үшінші тұлғаның(-лардың) шот(-тар)ына және/немесе Қарыз алушының және/немесе үшінші тұлғаның(-лардың) тиісті валютадағы (валюталардағы) кез келген басқа шот(-тар)ына немесе Қарыз алушы және/немесе үшінші тұлға(-лар) көрсеткен шотқа(-тарға) жіберуге;

2.1.10. Кез келген уақытта Қарыз алушының қаржылық жағдайын, қарыздың мақсатқа сай қолданылуын, қарыздың қамтамасыз етілуін және Қарыз алушының міндеттемелерін тиісінше орындағанын/орындамағанын тексеруге;

2.1.11. Қарыз алушының қосымша келісімінсіз акцептісіз тәртіпте Қарыз алушының Банкте ашылған ағымдағы шотын тиісті бенефициардың пайдасына дебеттеуге – Шартта Қарыз алушының қарызды есептесудің тек қана қолма қол ақшасыз түрінде пайдалану мүмкіндігі қарастырылған жағдайда. Қарыз алушы Шартқа қол қою арқылы осы тармақшада белгіленген жағдайда оның банктік шоттарынан ақша алуға өзінің қайтарып алусыз келісімін береді.

2.1.12. Қамтамасыз етуге ұсынылған мүліктің нарықтық құны төмендеген, Қарыз алушы міндеттемелері ұлғайған немесе Шарт бойынша қаржыландыру талаптарының басқа өзгерісі болған жағдайда, Банк қамтамасыз етуге қатысты өзінің құқықтарын жоғалтқан немесе жоғалту қаупі туындаған жағдайда, сондай-ақ Қамтамасыз ету шартында(-тарында) немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған өзге жағдайларда, Банк Қарыз алушыдан қосымша қамтамасыз етуді ұсынуын талап етуге құқылы, ал Қарыз алушы Банк талабын алған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Банктің талаптарына сай қосымша қамтамасыз етуді ұсынуға міндетті (*бұл тармақ өнім талаптарына сәйкес қамтамасыз етуді қабылдау арқылы берілген қарыздарға қолданылады*);

2.1.13. өзі және/немесе үшінші тұлғаларды тарта отырып, қамтамасыз ету шарттарында бекітілген мерзімдерде, шығындарды Қарыз алушыға жүктей отырып, қамтамасыз етудің жай-күйін тексеруге (соның ішінде қамтамасыз етуді қайта бағалауға) (*бұл тармақ өнім талаптарына сәйкес қамтамасыз етуді қабылдау арқылы берілген қарыздарға қолданылады*);

2.1.13-1. Шартта белгіленген тәртіпте ипотекалық тұрғын үй қарызы берілген Қарыз алушының Шарт бойынша қарызды мақсатқа сай пайдаланылуын бақылауға;

2.1.13-2. қарызды сырттай қайта қаржыландыру жағдайында Банктің транзиттік шотына жаңа кредитордан ақша түскен кезде, барлық түскен соманы қарызды толық/ішінара өтеу үшін Қарыз алушының берешегін өтеуге жіберуге. Бұл жағдайда Қарыз алушыдан қарызды толық/ішінара өтеуге өтініш талап етілмейді, оған Қарыз алушы Шартқа қол қою арқылы өзінің қайтарып алынбайтын келісімін береді.

2.1.13-3. бұл қарыз бойынша берешектің болмауына және/немесе кредиттік лимит бойынша берешектің болмауына байланысты Қарыз алушының басқа банктегі берешегін қайта қаржыландыруға бағытталған ақша қайтарылған жағдайда, түскен барлық соманы берілген қарызды толығымен/ішінара өтеуге жұмсауға. Бұл ретте, мұндай жағдайда Қарыз алушыдан қарызды толық/ішінара өтеуге өтініш талап етілмейді, Қарыз алушы Шартқа қол қою арқылы оған өзінің қайтарып алынбайтын келісімін береді.

2.1.14. Шартта және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған басқа құқықтарды жүзеге асыруға.

## **2.2. Банк мыналарға міндеттенеді:**

2.2.1. Қарыз алушының өтініші бойынша, кемінде айына бір рет, үш жұмыс күнінен артық емес мерзімде, ақысыз негізде, жазбаша түрде Шарт бойынша берешекті өтеу есебіне түскен ақшаны (мерзімі өткен төлемдерді көрсете отырып, негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияға, тұрақсыздық айыбына және айыппұл санкцияларының өзге түрлеріне, сондай-ақ төленуі тиіс басқа да сомаларға) бөлу туралы ақпарат беруге;

2.2.2. Шарт бойынша ұсынылған ақшаны Банкке мерзімнен бұрын ішінара немесе толығымен қайтару туралы Қарыз алушының арызы бойынша, ақысыз, үш жұмыс күннен кешіктірмей, оған негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияға, тұрақсыздық айыбына және айыппұл санкцияларының өзге түрлеріне, сондай төленуі тиіс басқа да сомаларға бөлумен қайтарылатын соманың мөлшерін хабарлауға. Осы тармақшаның талаптары шарт жасалған күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткен соң негізгі борышты мерзімінен бұрын өтеу жағдайларына қолданылады және Банк қарызды мерзімінен бұрын өтеуге келісім берген немесе егер бұл Шартта қарастырылған жағдайда қолданылады;

2.2.3. Банк мұндай шешім қабылдаған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Қарыз алушының Шартта/Қарыз алушының Банкке тапсырған басқа құжатта (хабарламада) көрсетілген мобильді телефон нөміріне СМС жолдау арқылы немесе Банктің қалауы бойынша Талаптарда (Шартта) қарастырылған басқа тәсілмен Қарыз алушыға Шарт талаптарының Қарыз алушы үшін жақсарту жағына қарай өзгертілгендігі туралы хабарлауға;

2.2.4. Шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімін кешіктіру орын алған кезде, бірақ мұндай жағдай басталған күннен бастап жиырма күнтізбелік күннен кешіктірмей қарыз алушыға осы шартта қарастырылған тәсілмен және мерзімде келесілер туралы хабарлауға:

- хабарламада көрсетілген күнгі жағдай бойынша мерзімі өткен берешек сомасын көрсете отырып, Шарт бойынша міндеттемені орындауды кешіктіру орын алғаны және Шарт бойынша төлемдерді енгізу қажеттілігі туралы;

- ипотекалық қарыз шартының талаптарын, сонымен қатар Банктер туралы заңның 34-1-бабының 7-тармағында қарастырылғандарын өзгерту арқылы, объективті себептері болған жағдайда, берешекті реттеу мүмкіндігі туралы;

- Шарт бойынша Қарыз алушының Банкке жүгіну құқығы туралы;

- қарыз алушының Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауының салдары туралы.

Хабарлама Қарыз алушыға шартта көзделген келесі тәсілдердің бірімен жіберілсе, Қарыз алушыға жеткізілді деп есептеледі:

а) Шартта көрсетілген электронды пошта адресіне;

б) Шартта көрсетілген тұрғылықты жеріне оның жеткізілгені туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен жіберілсе, сонымен қатар оны көрсетілген мекенжайда тұратын Қарыз алушының кәмелет жасына толған отбасы мүшелерінің бірі қабылдап алса;

с) Қарыз алушының хабарламаны алғанын тіркеуді қамтамасыз ететін басқа байланыс құралдарын пайдалану (соның ішінде, бірақ олармен шектелмей: Банктің Шартта көрсетілген Қарыз алушының абоненттік нөміріне мәтіндік хабарламасын жіберу арқылы).

Егер хабарлама адресатқа, алушыға тапсыру мүмкін емес немесе оны қабылдаудан бас тартты деген белгімен қайтарылса немесе осы тармақшада көрсетілген басқа байланыс құралын қолдану арқылы жіберілген хабарламаны қабылдағаны расталмаса, онда хабарлама тиісті түрде жіберілген болып саналады;

2.2.5. Шарт бойынша және/немесе берілген кредит желісі шегіндегі кезекті қарыз бойынша талап ету құқығын үшінші тұлғаларға берген кезде:

1) талап ету құқығын беру туралы шарт жасалғанға дейін осы Талаптарда қарастырылған немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен Қарыз алушыға (немесе оның уәкілетті өкіліне) (талап ету) құқығының үшінші тұлғаға берілу мүмкіндігі туралы, сонымен қатар мұндай талаптарды басқаға беруге байланысты Қарыз алушының дербес деректерінің өңделетіндігі туралы хабарлауға;

2) Қарыз алушыға (немесе оның уәкілетті өкіліне) (талап ету) құқығының үшінші тұлғаға берілгендігі туралы осы Талаптарда қарастырылған немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен, талап ету құқығын беру туралы шарт бекітілген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде, банктік қарызды өтеу бойынша үшінші тұлғаға (оған Шарт бойынша (талап ету) құқығы берілген тұлғаның атауы мен орналасқан жері) тағайындалған алдағы төлемдерді, берілген (талап ету) құқығының толық көлемін, сонымен қатар негізгі борыштың мерзімі өткен және ағымдағы сомаларының қалдықтарын, сыйақыны, комиссияларды, тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) және төленуі тиіс басқа сомаларды көрсете отырып хабарлауға.

Банк Шарт бойынша (талап ету) құқықтарын үшінші тұлғаға берген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасымен Банктің Шарт шеңберінде Қарыз алушымен өзара қарым-қатынасына қойылатын талаптар мен шектеулер Қарыз алушының құқық (талап) берілген үшінші тұлғамен құқықтық қатынасына қолданылады.

2.2.6. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мерзімде Қарыз алушының қарызға байланысты мәселелер бойынша жазбаша өтінішін қарауға және оған жазбаша жауап дайындауға;

2.2.6-1. Қарыз алушының Шартқа өзгерістер енгізу туралы жазбаша өтінішін алған күннен кейінгі 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде Шарт талаптарына енгізуге ұсынылған өзгерістерді қарастыруға және Қарыз алушыға жазбаша түрде келесілер туралы хабарлауға:

1) Шарт талаптарына енгізуге ұсынылған өзгерістермен келісетіндігі;

2) Шарт талаптарын өзгерту бойынша өз ұсыныстары;

3) Шарт талаптарын өзгертуден бас тартатындығы, бұл ретте дәлелді негізделген себебін көрсетуі тиіс.

2.2.7. Шарт жасалған күннен бастап он төрт күнтізбелік күн ішінде қарыз ұсынылған күннен бастап Банк есептеген сыйақыны төлеу арқылы қарыздың қайтарылуын қабылдауға, бұл ретте мұндай жағдайда қарызды қайтарғаны үшін тұрақсыздық айыбы немесе айыппұл санкцияларының басқа түрлері алынбайды;

2.2.8. Қарыз алушы қарыз бойынша негізгі берешекті толығымен өтегеннен кейін және есептелген сыйақы сомасының төлемін, Шарт талаптарына сәйкес басқа да төлемдерді өтегеннен кейін мүлікке құқығын және олармен мәмілелерді мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын уәкілетті ұйымға тоқтатылған Шартты қамтамасыз етуге жасалған кепіл шартының тоқтатылғаны туралы хабарлауға және қамтамасыз етудің тоқтатылуына байланысты Қарыз алушыға барлық құқық орнатушы, сәйкестендіру құжаттарын қайтаруға (бұл тармақ қамтамасыз етуді қабылдау арқылы берілген қарыздар бойынша қолданылады).

2.2.9. Шартта, Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған басқа міндеттерді орындауға.

### **2.3. Банк мыналарға құқылы емес:**



2.3.1. Шартты бекіту күнінде белгіленген комиссиялардың және қарызға қызмет көрсету бойынша басқа төлемдердің мөлшерін және есептеу тәртібін ұлғайту жағына қарай біржақты тәртіпте өзгертуге;

2.3.2. Шарт шегінде комиссиялардың жаңа түрлерін және өзге төлемдерді бір жақты тәртіпте енгізуге;

2.3.3. 1 (бір) жыл мерзіміне берілген қарызды алған күннен бастап 6 (алты) айға дейін, 1 (бір) жылдан астам мерзімге берілген қарызды алған күннен бастап 1 (бір) жылға дейін негізгі борышты мерзімінен бұрын ішінара немесе толығымен өтеу жағдайларын қоспағанда, қарызды мерзімінен бұрын өтегені үшін тұрақсыздық айыбын немесе айыппұл санкцияларының басқа да түрлерін өндіріп алуға. Осы тармақша шарт жасалған күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткен соң негізгі борышты мерзімінен бұрын өтеу жағдайларына қолданылады және Банк қарызды мерзімінен бұрын өтеуге келісім берген жағдайда немесе ол Шартта көзделген жағдайда қолданылады;

2.3.4. егер негізгі борышты және/немесе сыйқыны өтеу күні демалыс немесе мереке күніне тұспа-тұс келсе, онда сыйқыны және/немесе негізгі борышты төлеу одан кейінгі келесі жұмыс күні жүргізілген жағдайда, тұрақсыздық айыбы немесе айыппұл санкцияларының басқа да түрлерін өндіріп алуға;

2.3.5. Қарыз алушыға/қамтамасыз етуді берген үшінші тұлғаға сақтандыру ұйымын және (немесе) бағалаушыны таңдауда шектеу қоюға, сонымен қатар Қарзы алушыға өз өмірін және денсаулығын сақтандыру міндетін жүктеуге;

2.3.6. Шарт бойынша ұсынылған кредит лимитінің шегінде жаңа қарыздарды беруді біржақты тәртіпте тоқтата тұруға, мынадай жағдайларды қоспағанда:

a) Шартта қарастырылған, Банкте жаңа қарыздарды ұсынуды іске асырмау құқығының туындауы; және/немесе

b) Қарыз алушы Шарт бойынша Банк алдындағы өз міндеттемелерін бұзғанда; және/немесе

c) Банк жүргізген мониторинг қорытындысы бойынша анықталған Қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлауы;

d) Банктің Шартты тиісінше орындауына әсер ететін, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарының өзгеруі.

2.3.7. оның шеңберінде Қарыз алушыға ипотекалық қарыз берілетін Шарт бойынша негізгі борыш және (немесе) сыйақы сомалары бойынша төлемдердің кез келгенін өтеу бойынша міндеттемені орындаудың мерзімі өткен жүз сексен ретті күнтізбелік күнінен кейін сыйақы, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды), сондай-ақ қарыз беру мен оған қызмет көрсетуге байланысты комиссиялар мен өзге төлемдерді төлеуді талап етуге;

2.3.7-1. Негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлемдердің кез келгенін өтеу бойынша міндеттемені орындаудың мерзімін өткізудің ретті тоқсан күнтізбелік күні өткеннен кейін есептелген тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімақыны), сондай-ақ қарызды беруге және қызмет көрсетуге байланысты комиссияларды және өзге де төлемдерді төлеуді талап етуге, бұған негізгі борыш сомасы Шарт бекітілген күні тіркелуі тиіс мүлікті кепілге берумен және (немесе) ақша кепілімен толық қамтамасыз етілген Шарттар қосылмайды.

## **2.4. Қарыз алушы мыналарға құқылы:**

2.4.1. Шарттың ережелеріне сәйкес қарызды пайдаланғаны үшін сыйақыны төлей отырып қарыз бойынша берешегін мерзімінен бұрын өтеуге (бұл ретте қарызды ішінара немесе толық көлемде мерзімінен бұрын өтеу 1 (бір) жыл мерзіміне берілген қарызды алған күннен

бастап 6 (алты) ай өткеннен кейін, 1 (бір) жылдан астам мерзімге берілген қарызды алған күннен бастап 1 (бір) жыл өткеннен кейін тұрақсыздық айыбын және айыппұл санкцияларының басқа түрлерін төлеусіз жүзеге асырылады), бұл ретте мерзімінен бұрын өтеуді жоспарлаған күннен 5 (бес) жұмыс күні бұрын Банкке қарызды мерзімінен бұрын өтеу туралы жазбаша хабарлама жіберуі тиіс;

2.4.2. Шарт талаптарының Қарыз алушы үшін жақсару жағына қарай өзгертілгендігі туралы хабарламаны алған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Банкке осы Талаптарда қарастырылған тәртіпте тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы Банк ұсынған жақсарту талаптарынан бас тартуға;

2.4.3. Шарт/Шарт бойынша кредит желісі шегіндегі кезекті қарыз бойынша берешекті өтеу шотына түскен ақшаның (негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық айыбына және айыппұл санкцияларының өзге түрлеріне, сондай-ақ басқа да төлеуге жататын сомаға) бөлінуі туралы ақпаратты өтініші бойынша айына бір реттен жиі емес, үш жұмыс күнінен артық емес мерзімде жазбаша нысанда тегін алуға;

2.4.4. Шарт бойынша ұсынылған ақшаны банкке мерзімінен бұрын ішінара немесе толығымен қайтару туралы өтініші бойынша негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық айыбына және айыппұл санкцияларының өзге түрлеріне, сондай-ақ басқа да төлемдерге бөлумен қайтарылуы тиіс соманың мөлшері туралы мәліметтерді үш жұмыс күнінен артық емес мерзімде жазбаша нысанда тегін алуға. 2.4.1. тармақшасының және осы тармақшаның талаптары шарт жасалған күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткен соң негізгі борышты мерзімінен бұрын қайтару жағдайларына қолданылады және егер Банк қарызды мерзімінен бұрын қайтаруға келісімін берген немесе бұл Шартта көзделген жағдайда қолданылады;

2.4.5. алатын қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындағанда Банкке жазбаша өтініш білдіруге және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде жауап алуға;

2.4.5-1. Шарт бойынша мерзімді өткізу басталған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Банкке келіп, Шарт бойынша міндеттемені орындаудың мерзімін өткізу себептері, кірістер және Шарт талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтінішті айқындайтын, соның ішінде келесілермен байланысты басқа расталған жағдайлар (деректер) туралы мәліметтер жазылған өтінішті жазбаша түрде немесе Шартта көзделген тәсілмен беруге:

- 1) Шарт бойынша сыйақы мөлшерлемесін азайту жағына қарай өзгертілуіне байланысты;
- 2) шетел валютасында берілген қарыз бойынша негізгі борыш қалдығының сомасының валютасын ұлттық валютаға ауыстыруға байланысты;
- 3) негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлемді кейінге қалдыруға байланысты;
- 4) берешекті өтеу әдісін немесе берешекті өтеу кезектілігін өзгерту, соның ішінде негізгі борышты басым тәртіпте өтеумен;
- 5) банктік қарыз мерзімін өзгертуге байланысты;
- 6) мерзімі өткен негізгі борышты және (немесе) сыйақыны кешірумен, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімақыны), комиссияларды және қарызға қызмет көрсетуге байланысты өзге төлемдерді жоюға байланысты;
- 7) кепіл берушінің ипотека заты болып табылатын жылжымайтын мүлікті Қазақстан Республикасының «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» Заңының 20-1-бабында қарастырылған тәртіпте өздігінен сатуына байланысты;
- 8) Банкке кепіл мүлкін беру арқылы Шарт бойынша міндеттемені орындаудың орнына өтемақы ұсыну;
- 9) Шарт бойынша міндеттемені сатып алушыға бере отырып, ипотека заты болып табылатын жылжымайтын мүлікті сатуға байланысты.

2.4.5-2. Банктер туралы заңның 34-1 бабының 7-тармағында қарастырылған хабарламаны алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік ішінде банкке ипотекалық қарыз шартында қарастырылған тәсілмен қабылданған шешім туралы хабарлауға. *(Бұл тармақ ипотекалық қарыздар бойынша қолданылады).*

2.4.6. егер қарызды өтеу және/немесе сыйақыны төлеу күні демалыс күніне тұспа-тұс келген жағдайда, қарызды және/немесе сыйақыны төлеуді, тұрақсыздық айыбы мен айыппұл санкцияларының басқа да түрлерін төлемей, одан кейінгі келесі жұмыс күні жүргізуге;

2.4.7. Шарт жасалған күннен бастап он төрт күнтізбелік күн ішінде қарыз ұсынылған күннен бастап Банк есептеген сыйақыны төлеумен бірге қарызды қайтаруға, бұл жағдайда қарызды қайтарғаны үшін тұрақсыздық айыбы немесе айыппұл санкцияларының басқа түрлері алынбайды;

2.4.8. Шартқа қатысты туындайтын қайшылықтарды реттеу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес банктік омбудсманға жазбаша жүгінуге;

2.4.9. төлем карточкасы бойынша жаңғыртылатын кредит лимиті шегіндегі қолжетімділік кезеңде (кредит желісінің қолданылу мерзімі) Қарыз алушы қарызды толығымен немесе ішінара игеруге құқылы, бұл ретте қарыз негізгі борыш бойынша берешектің өтелген бөлігінің сомасына (игерілген және өтелген қарыз сомасына) толықтырылады (жаңартылады) және оны Қарыз алушы қосымша игеруі мүмкін.

Төлем карточкасы бойынша кредит лимиті шегіндегі қолжетімділік кезеңі (кредит желісінің қолданылу мерзімі) өткеннен кейін Қарыз алушының қарызды пайдалануға құқығы жоқ және қарыз бойынша қалған берешекті Шарт талаптарында өтеуге міндеттенеді *(бұл тармақ төлем карточкасы бойынша кредит лимиті шегінде берілген қарыздар бойынша қолданылады);*

2.4.10. Банктің кепілдік саясатының талаптарын ескере отырып, Қарыз алушының Шарт бойынша берешегінің (орындалмаған міндеттеме) мөлшерінен асатын бөлігінде қамтамасыз етуді азайту туралы, қамтамасыз ету шартын (-тарын) бұзу немесе өзгерту талабымен Банкке жазбаша өтініш беруге, егер:

а) Қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемелерінің орындалуын қамтамамыз ету ретінде кепілге бірнеше кепіл заты берілген болса; және

б) Қарыз алушы Шарт бойынша міндеттемелерін тиісінше орындаған болса және орындап жүрсе; және

в) Қарыз алушы және/немесе қамтамасыз етуді ұсынған үшінші тұлға (кепіл беруші) Банкке өтініш берген сәтте барлық кепіл затының тәуелсіз бағалаушы баға берген нарықтық құнының бағалауын Банкке ұсынса.

Қамтамасыз етуді берген үшінші тұлғаның да осындай құқықтары мен талаптары бар.

2.4.11. Шартта және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған басқа да құқықтарды жүзеге асыруға.

## **2.5. Қарыз алушы мыналарға міндеттенеді:**

2.5.1. қарызды оның нысаналы мақсатына сай пайдалануға. Ипотекалық тұрғын үй қарызы мақсатына сай пайдаланылмаған жағдайда, Қарыз алушы ипотекалық тұрғын үй қарызын мерзімінен бұрын Банкке қайтаруға және ипотекалық тұрғын үй қарызы нысанасын пайдаланудың бүкіл кезеңіне Шарт бойынша есептелген, ипотекалық тұрғын үй қарызын пайдалану бөлігіндегі сыйақыны төлеуге;

- 2.5.2. Шартта қарастырылған тәртіпте, мерзімде және көлемде қарызды толығымен өтеуге, ол бойынша сыйақыны және осы Шартқа сәйкес Банкке тиесілі басқа да сомаларды төлеуге;
- 2.5.3. Банкке өзінің тұрғылықты жерінің, аты-жөнінің өзгергендігі (егер ол жеке куәлігінде көрсетілсе), жеке басын куәландыратын құжаттың ауыстырылғандығы, Банкпен байланысу үшін пайдаланылатын байланыс ақпаратының және байланысу тәсілінің өзгергендігі туралы, олар өзгерген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде хабарлауға;
- 2.5.4. Қарыз алушының Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындауына ықпал ететін барлық жағдайлар туралы, сонымен қатар туындаған және Қарыз алушы үшін материалдық шығындарға әкелетін тәуекелдер туралы, растайтын құжаттарды тіркей отырып, уақытында Банкті хабардар етуге;
- 2.5.5. Шарт бекітілген (Шарттың қолданылу кезеңіне банктік шот ашу) күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде Банкке барлық ашылған банктік шоттарының бар екендігі (Шарттың қолданыс кезеңінде ашылғаны) туралы жазбаша хабарлауға;
- 2.5.6. Шартты жасауға, орындауға, өзгертуге немесе бұзуға, Банктің кепіл затына құқықтарының туындауын/өзгертілуін/тоқтатылуын мемлекеттік органда/басқа ұйымда тіркеуге байланысты барлық шығынды көтеруге, сонымен қатар, бірақ мұнымен шектелмей, мемлекеттік баж/алымдар төлемін, қажет болған жағдайда нотариат шығындарын, қаржыландыру талаптарын өзгерткені үшін комиссияларды, банктік шоттар бойынша үзінді көшірмелер, анықтамалар және басқа құжаттарды алу бойынша, айырбастау, Банктің ресми сайтында орналастырылған Банктің мөлшерлемелері мен тарифтеріне сәйкес бағам айырмасын қайтару бойынша Банк қызметтері үшін ақы төлеуге;
- 2.5.7. Шарттың қолданылу мерзімі ішінде, тиісті растау құжаттарын тіркей отырып, Банкке жазбаша түрде мыналарды хабарлауға: Қарыз алушының және/немесе қамтамасыз етуді ұсынған тұлғалардың банктік шотындағы (шоттарындағы) операциялардың тоқтатылғаны туралы; Қарыз алушының және/немесе қамтамасыз етуді ұсынған тұлғалардың мүліктеріне тыйым және/немесе басқа да ауыртпалықтардың салынғаны туралы; Қарыз алушының және/немесе қамтамасыз етуді ұсынған тұлғалардың басқа кез келген үшінші тұлғалармен соттағы/арбитраждық (аралық) соттағы істі қараулары туралы; кез келген өзгеріс туралы, соның ішінде, қамтамасыз ету шарты бойынша қамтамасыз етуге берілген мүліктің нашарлауы немесе нашарлау қаупінің туындауы туралы; біреудің Шартты және/немесе қамтамасыз ету шартын даулауы туралы.
- Осы тармақшаға сәйкес жіберілген Қарыз алушының хабарламасы тиісті растаушы құжаттармен бірге тиісті іс-әрекет/оқиға жасалған/басталған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей Банкке жіберілуі тиіс;
- 2.5.8. Банк Шарт бойынша Қарызды (берілген кредит желісі шегіндегі барлық берілген өтелмеген қарыздарды), есептелген сыйақыны және Банкке тиесілі басқа да төлемдерді мерзімінен бұрын өтеуді талап еткен жағдайда, Банктің жазбаша талабын алған сәттен бастап 10 (он) күнтізбелік күні ішінде Банктің талабын орындауға, егер басқа мерзім Банк талабында көзделмесе;
- 2.5.9. төлем жүргізілетін күні Шарт бойынша алдағы уақытта төленетін төлем сомасын нақтылау үшін Банкке жүгінуге;
- 2.5.10. қарызды алған күннен бастап бір жылға дейін жүзеге асырылатын қарызды мерзімінен бұрын өтегені үшін Банкке Шартта қарастырылған мөлшерде айыппұл төлеуге;
- 2.5.11. Шартты жасағанға және/немесе қарыз берілгенге дейін Банктің талап етуі бойынша Шарттың қолданылу мерзіміне кепіл затын сақтандыру шартының жасалуын қамтамасыз етуге және Банкке ұсынуға. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі Шарттың

қолданылу мерзімінен қысқа болуы мүмкін, бірақ қандай жағдай болмасын бір жылдан кем болмауы және міндетті түрде келешек кезең үшін жаңа сақтандыру шартын жасау немесе бұрын жасалған сақтандыру шарттарының мерзімін ұзарту талабымен жасалуы тиіс, олардың түпнұсқаларын Қарыз алушы бұрынғы сақтандыру шарттарының қолданылу мерзімі өткен күннен кешіктірмей Банкке ұсынуға міндетті (*бұл тармақ өнім талаптарына сәйкес қамтамасыз етуді қабылдау арқылы берілген қарыздар бойынша қолданылады*);

2.5.12. Банктің қамтамасыз етуге құқығының нақты жойылу қаупі болған кезде және/немесе Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған кезде және/немесе қамтамасыз ету Қарыз алушының Банк алдындағы міндеттемелерін толығымен жаппаған жағдайда, Банктен қамтамасыз етуді босатуды талап етпеуге және Қамтамасыз етуді ұсынған тұлғалардан қамтамасыз етуді босатуды талап етуді болдырмауға;

2.5.13. Банкке оның Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың талаптарын орындауы, сондай-ақ қарыз алушының деректерін/дербес деректерін жинау, өңдеу және FATCA талаптарына сәйкес, оның ішінде Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары арқылы АҚШ-тың Салық қызметіне (Internal Revenue Service) беруі үшін сұратқан кез келген құжатты және ақпаратты ұсынуға;

2.5.14. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде және тәртіпте өз қаражатына және өз күшімен Банкке қамтамасыз ету ретінде ұсынылған мүлікті тәуелсіз бағалаушыны тарту арқылы қайта бағалауды жүргізуге және бұндай бағалау жүргізілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Банкке бағалау туралы есепті беруге;

2.5.15. Шарттың қолданылу мерзімі бойы, Банктен тиісті сұранысты алған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей, егер Банктің тиісті сұранысында өзге мерзімдер көрсетілмесе, Банктің әдетте қарыз ұсыну кезінде қоятын талаптарының барлығын сақтауға/орындауға, сонымен қатар, бірақ онымен шектелмей:

а) Шартты орындау, өзгерту және қолданысын тоқтату және/немесе ол бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету және/немесе Банк ұсынған және/немесе онымен келісілген шарттар мен келісімдерге қол қоюға/қол қоюды (жасауды, тіркеуді, есепке алуды және т.б.) қамтамасыз етуге;

б) Банкке мыналар үшін қажетті ақпаратты және/немесе тиісті түрде ресімделген құжаттарды ұсынуға: (i) қарыз(дар)дың мақсатқа сай пайдаланылуын бақылау және/немесе (ii) кредиттік деректемені Банктің ішкі құжаттарына және/немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қалыптастыру және/немесе (iii) уәкілетті мемлекеттік органның талаптарын орындау және/немесе (iv) қаржыландыру шарттарына өзгерістер енгізу және/немесе (v) Банктің Шарт және/немесе қамтамасыз ету шарттары бойынша өз құқықтарын жүзеге асыруы;

2.5.16. қарызды (кредит желісі шегінде кезекті қарыздарды), сондай-ақ сыйақы, комиссия сомасын және Банкке тиесілі басқа да сомаларды өтеуді Банктің Шарт бойынша Қарыз алушыға берген ақшасы есебінен жүзеге асырмауға;

2.5.17. Шартта және/немесе Банк талабында белгіленген мерзімдерде, сомада және тәртіпте қарыз(дар) беруге, Қарыз алушы Шарт бойынша міндеттемелерін бұзған жағдайда, Шарттан (Талаптардан) шығатын басқа жағдайларда қолданылатын шараларға байланысты Банк көтерген құжатпен расталған барлық шығынды Банкке өтеуге;

2.5.18. Шартта, қамтамасыз ету шарттарында, Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған, сонымен қатар осы құжаттарда бекітілген Банктің құқықтығынан шығатын және/немесе оларды орындауға байланысты басқа да міндеттерді орындауға.

### **3. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ ЖАҒДАЙЛАРЫ**

3.1. Еңсерілмейтін күш жағдайлары, сонымен қатар, бірақ онымен шектелмей, табиғи апаттар, әскери қақтығыстар, террорлық әрекеттер, Үкіметтің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің немесе қандай да бір басқа мемлекеттік органдардың тарапынан ұйғарымдар, бұйрықтар немесе өзге әкімшілік кірісулер пайда болғанда, олардың нәтижесінде Банк және/немесе Қарыз алушы Шарт бойынша қандай да бір міндеттемелерін тиісінше орындай алмаған жағдайда, осы міндеттемелерді орындау мерзімдері осы жағдайлардың әрекет ету уақытына сәйкес жылжытылады.

3.2. Еңсерілмейтін күш жағдайларының пайда болу сәтінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде, Шарт бойынша міндеттемелерді орындауына кедергі келтірілген Тарап, басқа Тарапты еңсерілмейтін күш жағдайының пайда болғандығы туралы жазбаша хабардар етуі тиіс. Олай болмаған жағдайда, мұндай тарап оны жауапкершіліктен босату үшін негіз ретінде еңсерілмейтін күш жағдайларына сілтеме жасау құқығын жоғалтады, бұған еңсерілмейтін күш жағдайлары нәтижесінде мұндай тараптың екінші тарапқа хабарлама жіберуі мүмкін болмаған жағдайлар қосылмайды.

3.3. Жалпыға мәлім сипатқа ие еңсерілмейтін күш жағдайлары қосымша дәлелдер мен хабарламаларды талап етпейді. Мүдделі тарап барлық өзге еңсерілмейтін күш жағдайларына қатысты дәлелдемелерді ұсынады. Ұлттық кәсіпкерлер палатасы немесе өзге құзырлы орган берген құжаттар мұндай жағдайлар мен олардың ұзақтығын куәландыратын дәлелдеме болып табылады.

3.4. Еңсерілмейтін күш жағдайлары тоқтағаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде еңсерілмейтін күш жағдайларына душар болған Тарап екінші Тарапты еңсерілмейтін күш жағдайларының тоқтағандығы жөнінде жазбаша хабардар ете отырып, Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындауды жалғастыруы тиіс.

#### **3-1. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАТЫСТЫ ТҮСІНДІРМЕ**

3-1.1. Тараптар сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың барлық қолданылатын нормаларын сақтайды. Тараптар, олардың әрқайсысы сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне толық тыйым салуды және мақсаты - шаруашылық қызметке байланысты ресімдерді оңайлату, белгілі бір мәселелерді тезірек шешу үшін жәрдемдесуді/ төлемдер төлеуді көздейтін парақорлыққа және сыбайлас жемқорлыққа толық төзбеушілік саясатын жүргізетінін мойындайды және растайды.

3-1.2. Тараптар, олардың лауазымды тұлғалары және осы Шарт бойынша Тараптардың міндеттемелерді орындауына тікелей немесе жанама қатысатын қызметкерлері қандай да бір заңсыз артықшылықтар алу ниетімен іс-әрекеттерге немесе шешімдерге ықпал ету, оның ішінде заңнамада белгіленген тәртіпті айналып өту мақсатында немесе өзге де заңсыз мақсаттарды көздеп, қандай да бір ақшалай қаражатты немесе қандай да бір құндылықтарды (оның ішінде материалдық емес) қабылдамайды, тікелей немесе жанама түрде кез келген тұлғаға төлемейді, төлеуді ұсынбайды, төлеуге/алуға рұқсат бермейді (санкциялайды).

3-1.3. Осы тармақтың ережелері Тараптар үшін елеулі маңызы бар мән-жайлар туралы куәліктер болып табылады. Тараптар Шартты жасау барысында осындай растауларға сүйенеді.

3-1.4.. Тарап осы тармақтың қандай да бір ережелерінің бұзылуы орын алған немесе орын алуы мүмкін деп күдіктенген жағдайда, тиісті Тарап өзінің күдіктері туралы екінші Тарапты жазбаша нысанда мүмкіндігінше тезірек хабардар етуге міндеттенеді.

#### 4. БАСҚА ТАЛАПТАР

4.1. Қазақстан Республикасының Кредиттік бюро және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы заңнамасына сәйкес ақпаратты кредиттік бюроға ұсыну және кредиттік бюроның Банкке Қарыз алушы туралы кредиттік есепті беруі туралы және алдағы уақытта Кредиттік бюроға түсетін және кредиттік бюродан (-лардан) ақпарат алушыға ашылатын келісімді Қарыз алушы жазбаша өтінішімен растайды;

4.2. БҚШ талаптарында басқаша көзделмесе, сыйақы бір жылдағы 360 (үш жүз алпыс) күн және айына қарызды пайдаланған нақты күндер есебіне сүйене отырып есептеледі.

4.3. Осы Талаптардың 2.4.1.-т. қарастырылған талаптарды ескере отырып, кез келген уақытта қарызды мерзімінен бұрын өтеуге болады. Бұл ретте Қарыз алушы Банкке мерзімінен бұрын өтеу күніне дейін есептелген қарызды пайдаланғаны үшін сыйақыны төлейді.

Қарыз талаптары өзгертіліп, Қарыз алушының ақшалай міндеттемелері сомасының (мөлшерінің) және (немесе) оларды төлеу мерзімінің өзгеруіне әкеп соғатын болса, банк қарызды өтеудің жаңа кестесін жасап, Қарыз алушыға береді.

Қарыз талаптары өзгертіліп, Қарыз алушының ақшалай міндеттемелері сомасының (мөлшерінің) ұлғаюына, қарыз мерзімінің ұлғаюына, сыйақы мөлшерлемесінің ұлғаюына, сондай-ақ қарыз валютасының өзгеруіне әкеп соғатын болса, Банк жаңа талаптарды ескере отырып, жаңа титулдық парақ жасайды және Қарыз алушыға береді. Шарт немесе қарыз алушының өтініші негізінде кредит желісі бойынша қарыздың келесі бөлігін берген кезде, қарыздар төлем карточкасын пайдалану арқылы берілетін кредит желісін қоспағанда, қарыз алушыға қарызды өтеу кестесі және осы тармақтың талаптарына сәйкес титулдық парақ беріледі.

4.4. Осы Талаптарда/Шартта қарастырылған жағдайларды қоспағанда, Шарттың барлық өзгерісі және/немесе толықтыруы жазбаша түрде жасалған болса ғана жарамды болады. Осы Талаптарда және/немесе Шартта қарастырылған жағдайларды қоспағанда, Шартты орындаудан біржақты бас тартуға және Шартты біржақты өзгертуге рұқсат етілмейді. Талаптардың барлық өзгерісі және/немесе толықтыруы Банктің [www.forte.kz](http://www.forte.kz) сайтында жарияланған сәттен бастап қолданыста болады, бұл ретте Қарыз алушы үшін Талаптардың мұндай өзгерістері және/немесе толықтырулары Шарт тараптары Шарттың тиісті қосымша келісіміне қол қойған сәттен бастап күшіне енеді, бұған Талаптарға (Шартқа) сәйкес Банк біржақты соттан тыс тәртіпте енгізген өзгертулер және/немесе толықтырулар қосылмайды. Шарт талаптарын Қарыз алушы үшін жақсартатын Банктің бір жақты соттан тыс тәртіпте енгізетін өзгертулері/толықтырулары Қарыз алушының Банктен тиісті хабарламаны алған күнінен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күні өткен соң және Қарыз алушы осы Талаптарда қарастырылған тәртіпте Банк ұсынған жақсарту талаптарынан бас тартпаған жағдайда күшіне енеді.

4.5. Талаптарда (Шартта) қарастырылған жағдайларды қоспағанда, Шарттың өзгерістері және/немесе толықтырулары Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын, Тараптар қол қойған және Банктің мөрі басылған қосымша келісімдермен ресімделеді және Шарт сияқты тәртіпте күшіне енеді, егер өзгесі Шартта қарастырылмаса.

4.6. Егер басқасы Талаптарда (Шартта) тікелей қарастырылмаса, Шартты орындау аясында Тараптар жіберетін барлық хабарлама (талаптар, хабарламалар), соның ішінде Шарт талаптарын Қарыз алушы үшін жақсартуға байланысты енгізілетін құжат түрінде ресімделген өзгертулер/толықтырулар тараптың қолына беру және/немесе клиенттің сауалнамасында көрсетілген деректемелерге сәйкес нақты тұратын мекенжайы бойынша пошта қызметімен және/немесе факспен және/немесе электронды поштамен жіберілген

болса, сондай-ақ Банктің сайтында орналастыру арқылы хабарланатын болса, оларды тиісті Тарап жіберген және/немесе тиісті тарап алған болып есептелінеді.

4.6.1. Қарыз алушы Шартты бекіту күнінде, сондай-ақ Шарттың қолданылу кезеңінде Қарыз алушының Өтінішінің деректемелерінде, сондай-ақ қол қойып, Банкке ұсынған басқа да құжаттарында байланыс дерегі ретінде көрсеткен электронды пошта, мобильді телефон нөмірі (-лері) бойынша Банктің келесілер туралы хабарлама жасауына келісімін береді: 1) Қарыз алушының Шарт бойынша берешегінің бар екендігі, сонымен қатар міндеттемелерді орындауды кешіктірудің басталғандығы туралы; 2) Шарт бойынша басқа да міндеттемелерді бұзушылықтар туралы; 3) Шартқа қатысты шарттар, талаптар туралы. Банк электрондық пошта адресіне/телефон нөміріне хабарлама жіберу, телефон қоңырауы(лар)ын жасау арқылы жіберген ақпарат тиісті түрде жеткізілген және Қарыз алушы оны осы Шарттың жасалуымен көрсетілген жазбаша келісімімен алған болып саналады.

4.7. Егер тиісті шарттың кейбір талаптары Тараптардың осыған сәйкес құқықтық қатынастарын реттейтін Талаптардың және Шарттың басқа бөлімдерінің ережелерінен мазмұны жағынан өзгеше болса, онда Тараптар қамтамасыз ету шартының ережелерін басшылыққа алады.

Егер Шарттың кейбір талаптары тараптардың осыған сәйкес құқықтық қатынастарын реттейтін Талаптардың ережелерінен мазмұны жағынан өзгеше болса, онда Тараптар Шарттың ережелерін басшылыққа алады.

4.8. Тараптар осы арқылы Банктің Қарыз алушыға міндеттемелерді бұзғаны туралы хабарламаны клиент сауалнамасында көрсетілген мекенжай бойынша, берешек сомасы (мерзімі өткен) және берешекті (мерзімі өткен) өтеу бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі көрсетілген тапсырысты хат арқылы (адресаттың оны алғаны туралы хабарламамен) жіберуге құқылы екендігін растайды және келіседі. Егер Қарыз алушы хабарламада белгіленген мерзімде және көлемде талаптарды орындамаған жағдайда немесе Қарыз алушы осы Талаптардың 2.4.5-1 тармағында қарастырылған құқығын жүзеге асырмаған жағдайда немесе хабарламаны алудан бас тарту мақсатында кез келген әрекетті қолданса, атап айтқанда, пошта ұйымының, Банктің немесе Банк хат-хабар жіберу және жеткізу үшін тартқан өзге ұйымдардың қызметкерлері растаған хабарламаны алудан бас тарту, Банкке өзінің орналасқан жерінің нақты мекенжайының өзгергені туралы хабарламауы (мұндай жағдайларда Банктің хабарламасын Қарыз алушы алды деп есептеледі), Банк талаптарын Қарыз алушы Банктің хабарламасында көрсетілген (хабарламаны жасау күніндегі) сомада мойындаған болып саналады және сот бұйрығын шығару үшін сотқа жүгіну мақсаты үшін даусыз болып қаралады.

4.9. Шартқа қол қою арқылы Қарыз алушы Шарт бойынша (талап ету) құқығын беруге, сонымен қатар дербес деректерін, Қарыз алушыға қатысты құпия және басқа да ақпаратты, оның ішінде «Қазақстан Республикасындағы Кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы» ҚР Заңында көзделген теріс ақпараттан басқа, Қарыз алушыға қатысты кез келген теріс ақпаратты өңдеуге, сонымен қатар Банк өз қарауы бойынша қажетті деп санайтын басқа да кез келген мақсаттар үшін, сондай-ақ FATCA (Foreign Account Tax Compliance Act) талаптарын орындау мақсатында қолдануға өз келісімін береді. Қарыз алушының немесе Банктің Тараптар иелігіндегі үшінші тұлғалар туралы, мұндай тұлғалардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қорғалатын құпия ақпаратты құрайтын дербес деректері болып табылатын ақпаратты кез келген түрде беруі ұсынушы Тараптың сондай үшінші тұлғалардан мұндай ақпаратты беру (өңдеу, соның ішінде тиісті мақсаттар үшін қолдану) туралы тиісті келісімді алған соң, осындай



келісімдерде белгіленген көлемде ғана жүргізіледі. Осы келісім Қарыз алушы Банк алдындағы шарттық және басқа да міндеттемелерін толық көлемде орындағанға дейін қолданыста болады, бұған Банктің кез келген дереккөзден алған, өңдеу үшін Банкке шектелмеген мерзім берілетін Қарыз алушыға қатысты теріс ақпаратты қосылмайды.

4.10. Шарт тараптарының әрқайсысы келесі тараптан алынған банктік, қаржылық, коммерциялық және басқа да ақпараттың (жалпыға мәлім ақпаратты қоспағанда) құпиялығын қатаң сақтауға міндеттенеді. Мұндай ақпаратты, сондай-ақ банктік және заңмен қорғалатын басқа құпияны құрайтын ақпаратты үшінші тұлғаға беру, сонымен қатар оны жариялау ол туралы ақпараты жария болатын тараптың алдын ала жазбаша келісімімен ғана жүзеге асырылады, келесі жағдайларды қоспағанда:

- a) Қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемесін бұзуына байланысты Банктің кез келген шараны қолдануы;
- b) Шарт бойынша құқықтарды және/немесе міндеттерді толығымен немесе ішінара беру;
- c) оларды жасалғандығы/жасау үшін Қарыз алушы Банкке хабарлауы міндетті/оны жасау үшін Банктің алдын ала келісімін алуы міндетті мәмілені Қарыз алушының жасауына тікелей немесе жанама түрде мүдделі үшінші тұлғаларға Банктің Шартта бекітілген тәртіпте олардың жасалғандығы және Қарыз алушының оны бұзуына байланысты мүмкін болатын салдары туралы хабарлауы;
- d) Қазақстан Республикасы заңнамасының және/немесе Қарыз алушы тіркелген елдің және/немесе резиденттігінің талаптарына сәйкес ақпаратты үшінші тұлғаларға ұсыну;
- e) Банк құпия ақпаратты өз контрагентіне (-теріне) ашу жағдайларында, егер Банк мұндай тұлғамен (-лармен) мәні контрагенттің (-тер)-дің Банктен алған/алатын ақпаратты үшінші тұлғаларға, Банк акционерлеріне жарияламау туралы міндеттемелерді қабылдау болып табылатын келісімді (-дерді) жасаса;
- f) Банктің Шарт және/немесе қамтамасыз ету шарттары бойынша өз құқықтарын жүзеге асыруы.

4.11. Осы Талаптарда қарастырылған Банк құқықтарын жүзеге асыру үшін Қарыз алушымен жасалған банктік шот (ағымдағы/жинақ) туралы шарт тиісті бөлігінде толықтырылады. Қарыз алушы Шартқа қол қоя отырып, Банк пен Қарыз алушы арасында жасалған банктік шот туралы шартқа енгізілген осындай толықтырулармен (өзгертулермен) келісетіндігін растайды.

4.12. Қарыз алушының Шарт бойынша құқықтары және/немесе міндеттері үшінші тұлғаға(-ларға) тек қана Банктің алдын ала жазбаша келісімі арқылы берілуі мүмкін.

4.13. Шартқа байланысты/Шарттан туындаған немесе оған байланысты, сонымен қатар оның жасалуына және/немесе орындалуына және/немесе бұзылуына және/немесе тоқтатылуына және/немесе жарамсыздығына қатысты кез келген дау (Шарт бойынша даулар), талап немесе кінәрат-талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Банктің қалауы бойынша Банктің, оның филиалының орналасқан жері бойынша сотта (шарттық соттылық) қаралады.

4.14. Осы Талаптарда, Шартта қарастырылған талаптармен қоса, тараптар оны орындау кезінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

4.15. Барлық қамтамасыз ету шарттарының және/немесе қарыз беру туралы өтініштердің (ұсынылған кредит желісі бойынша) және/немесе Шарт шегінде жасалатын қарыз бойынша өтеу кестелерін өзгерту туралы өтініштердің Қарыз алушының басты міндеттемесі ретінде Шартқа сілтемелері болуы керек.